



Қазақстанның Ұлттық валютасы – теңгенің құнсыздануына қатысты осыдан түп-тура бес жыл бұрын болған жағдай тағы қайталанды. Қазақстанның Ұлттық Банкі теңгенің бұрынғы айырбас бағамын ұстап тұру мүмкін еместігін жариялады. Сөйтіп, бір АҚШ долларына шаққандағы Ұлттық валюта бағамы 185 теңге болып белгіленді. Жалпы экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл мәселенің жай-жапсарын ұғынықты тілмен түсіндіру тым күрделі. Ал қысқаша жеткізетін болсақ, біз АҚШ-тың әлемдік қаржы айналымының басты құралы – долларға тәуелді болғандықтан өзгенің әдеттен тыс жасаған шешімдерін қабылдауға мәжбүрміз.

● ДӘЙЕКТЕР МЕН БОЛЖАМДАР

экономика болмысы өзінің даму сипатын айқындайды

— Бұл отандық кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған қадам, — делі сонымен орай Мемлекет басшысы Н.Назарбаев. — Біздің экономика қосымша пайда алады. Ал бұл экономикалық өсімге негіз қалайды.

Мемлекет басшысы атқарушы орган басшылары мен әкімдерге бағанын негізсіз көтергіштігіне жол бермеуді міндеттеді. Міндеттің орындалуы, әлбетте оңай емес, себебі мұндай қауырт, нарықтық экономиканың табиғатына қайшы келетін бағаны ұстап тұру саясатын тұрақты түрде жүзеге асыру мүмкіншіі шектеулі. Ол тіпті рынок заңдылығына да қайшы келеді.

Бірақ бір мәселе айқын: Қазақстан валютасының негізін экспорттан түсетін қаржы құрайды. Ұлттық қорға да қаржы осы көздерден түседі. Қазақстан мұнайға, газға, тағысын-тағыларға бай мемлекет. Ал қазіргі таңда әлемдегі мұнай бағасы біздің күнгейлемізден едәуір жоғары. Бюджетке қаржы ағылып жатыр. Бұл, әрине, біздің қорымдығы молайтуға өте қолайлы жағдай. Жалпы, табиғи ресурстар, оған қатысты қалыптасатын баға біздің өркендеуіміздің кепілі. Сонымен бірге ол Қазақстанның әлемдік ызық технологияларды игеріп, өркеннет жолымен дамуымыздың алғышарты болып табылады. Экспорт түсімдері сондай-ақ еліміздің индустриялық-инновациялық жобаларды қаржылық қолдауға септігін тигізеді. Бұл Қазақстанның Елбасы негізін айқындаған «2050» стратегиясын жүзеге асыру мүмкіндіктеріне айтарлықтай алғышарттар жасайды.

Қазақстан экономикасы осыған дейін бірнеше дағдарыс шылауынан шығудың қиын соқақтарын басынан кешіріпді. Үкімет қабылдаған шаралар тиімді жемісін берді. Дағдарыс жағдайының өзінде ішкі жалпы өнімнің өсімі мүмкін болды. Бұл, әрине, Ұлттық қордағы жинақталған қаржының нәтижесі. Елбасының болашақты болжаған дәйекті саясаты арқасында Қазақстан Орталық Азия, жалпы Еуропа мемлекеттеріне қарағанда дағдарыс салқынын мейлінше аз сезінді. Шындығын айту керек, бұл дағдарыс көптеген елдердің экономикалық жүйесін барынша есенгіретіп тастаған болатын.

Өмірдің өзін көрсеткендей, капиталистік рынок экономикасы бүгін әлемдегі қалыптасқан жағдайды сауықтыруға, экономикалық өсімді онан әрі қамтамасыз етуге дәрменсіз болып шықты. Бұл рыноктық қатынастар ұлттық, сондай-

ақ халықаралас шеңберде тұйыққа тірелді. Экономика жөніндегі Нобель сыйлығының лауреаты Пол Кругман Жапонияның 1990 жылдардан бастап бүгінге дейін, Мексиканың 1993 жылы, Тайландтың, Малайзияның, Индонезияның және Кореяның 1997 жылы, Аргентинаның 2002 жылы, әлемді тұтастай алғанда 2008 жылдан бастап ресссияға ұшырағанын атап көрсеткен болатын. Бүгінде бұл теріс құбылыстың себеп-салдарына қатысты көптеген мәселелерде айқындық жоқ. Францияның бұрынғы президенті Николя Саркози Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында: «Капитализмді оған реттеуші сипат бере отырып, қайта құру қажет, бұл алып-сатарлық емес, шығармашылық пен жана-шылдыққа сүйенген капитализм болу керек», деп атап көрсеткен болатын. Бұл өздері әрдайым дәріптеп келген капитализмнің бүгінгі сипатын теріске шығару жөніндегі бір ғана пікір емес. Қазір көптеген мемлекет басшылары экономиканы мемлекеттік реттеудің маңыздылығын атап көрсетуде. Тіпті АҚШ президенті Барак Обама: «Егер біз өнім өндірмей, бірыңғай ақшаны жұмсай беретін болсақ, уақыт өсе келе көптеген елдер қарыз беруді доғарып, мерекелік көңіл-күйің өп-сөтте жоғалатын болады. Мереке қазірдің өзінде

өзіне бағындырып қойған АҚШ-тың федералдық резервтік бюросының, оның тасасында тұрған билік пен үлкен шонжарлардың әрекетінде жұмысқылық пұғыл әлі де жетіп-артылады. Қысқасы, бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қаржылық ауытқуларға, дағдарыстарға ешқандай танданыспен қарауға болмайды.

Кешегі валюта бағамындағы күрт өзгеріс қарапайым тұтыншыға оңай тимейді. Бірақ біздің сүйенетін мүмкіндігіміздің бірі — экономикалық өсім нақ шикізат секторында қалыптасқан бағаның есебінен болып отыр.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан экономиканың көптеген салалары бойынша өсім көрсеткішіне қол жеткізді. Жалпы экономиканың өркендеуіне, әлбетте, мұнай кәсіпшілігінің қосқан едәуір үлесі бар. Қалай айтсақ та, өзирге шикізат өндірісі біздің еліміз үшін өркендеудің негізгі қазығына айналып отыр. Дегенде, дүниежүзінде өзирге адамзат баласы энергия ресурстарының мұнайдан басқа тиімді көзін тауып отырған жоқ. Демек, алдағы жылдары, сондай-ақ болашақта біз үшін мұнай шикізаты дамуымыздың басты бағытына айналады.

Мұнай кәсіпшілігі туралы айтылса, біз жалпы Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің өсімі жөнінде де еске салып өткеніміз абзал. Ал ішкі жалпы өнімге

екенін ескерсек, болашақ шын мәнінде еліміздің дамуының жарқын белестерін айқындап отыр.

Елімізде орналасқан 172 мұнай және 42 газ конденсаты кеніштері Қазақстанның жер көлемінің 62 пайызын қамтиды. Ал мұнай қорының 90 пайызы 15 ірі кен орындарында орналасқан. Олар Теніз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жанажол, Қаламқас, Кенкияқ, Қаражамбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Кенбай, Қоролөв кеніштері болып табылады. Аталған кеніштер Қазақстанның 14 облысының алтауын қамтиды. Сондай-ақ көмір шикізаты қорының 70 пайызы Қазақстанның батысында орналасқан. Барынша мол зерттелген мұнай қоры Атырау облысының еншісіне тиеді. Бұл өңірде 75 кеніш ашылған. 15-тен астам көмірсутегі шикізаты орны Батыс Қазақстан облысында, мұнай мен газ қорының 25 кеніші Ақтөбе облысында қоныс тепкен. Қызылорда және Қарағанды облыстарының негізгі мұнай өңдеу салаларын Құмкөл мұнай кеніштері тобы құрайды. Бұл мұнай кеніштері Қазақстанның бестен бір бөлігін қамтиды.

Сала мамандарының атап өткеніндей, Қазақстандағы көмір қышқыл сүтегі шикізатының қоры қазіргі өндіру деңгейімен алғанда шамамен 60-70 жылға жетеді. Алайда, ірі мұнай-газ кеніштеріндегі өндіру көлемінің ұяға түсуіне байланысты бұл мерзім біршама қысқаруға мүмкін. Мұнай өндіру көлемін құрғақта ұлғайту Теніз және Қарашығанақ кен орындарын игерумен байланысты болмақ. Ал стратегиялық жоспар бойынша Каспий және Арал теңізінің аумағы кең көлемді зерттеуді талап етеді.

Мұнай және газ министрлігінің жоспары бойынша 2015 жылға қарай елімізде мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемін 95 млн. тоннаға жеткізу көзделіп отыр. 2010 жылы бұл көрсеткіш 80 млн. тоннаны құраған болатын. Ал еліміздің аумақтық кеңістікті дамыту жөніндегі болжамдық жоспарына сәйкес 2020 жылы елімізде мұнай мен газ конденсатын өндіру 163,5 млн. тоннаға, оның ішінде мұнай 140 млн. тоннаға жетеді. Бұл жоспарды Елбасы қуаттап қол қойған болатын.

Дүниежүзінің көптеген елдерінде болашақта энергия ресурстарына деген сұраныстың ерекше арта түсетіні туралы болжамдар жиі айтылула. Адамзат баласы өркеннет дәуіріне қарыштап қалам басқан сайын оның игілігін тұтыну жөніндегі сұраныс да арта түсуде. Көптеген елдер энергия ресурстарының жаңа көздерін іздей бастады. Алайда, өзирге сол үйреніштікі жерасты байлықтарынан тиімді ресурстар табыла қойған жоқ.

Бүгінгі айтылғандардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыстағы сабақтас ұғымдар. Әлемдік қаржы рыногындағы, осыған сәйкес болып жатқан экономикалық дағдарыстар оның дамуының нақты сипатын айқындайды. Ал экономиканың қарапайым заңдылығы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын білдіреді.

Қазіргі қаржылық ауытқулардың біз үшін пайдалы мен зияны бірдей. Оның пайдалы мен зардаптарының ауқымы қаншалықты екені алдағы уақытта сезіледі. Қысқасы, әлем экономикасының алдағы даму сипатын оның өз болмысы айқындайтын болады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.



● БРИФИНГ

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖАЙЫ ТОЛҒАНТАДЫ

Облыстық прокуратурада өткен кезекті брифингте көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық жағдай және оның алдын алу өңгіме болды. Бұл мәселе бойынша облыс прокурорының аға көмекшісі Бақытжан Мырзабаев баяндап берді.

Баяндамашының айтуынша, облысымызда 264 мыңға жуық көмелетке толмағандар тіркеліп, олардың 136 мыңнан астамы 291 жалпы және 34 арнайы білім ошақтарында тәлім алады.

Есеп беріліп отырған кезеңде жасөспірімдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жүргізілген екі жүз сегіз тексеру нәтижесінде 3713 жан бұзушылық анықталып, 2783 жеткіншектің конституциялық құқы қорғалса, 6 млн. 231 мың теңге залал өндірілген. Ал осы балалардың құқықтарын қалпына келтіруге прокуратурада құрылған мобильді топтар рейдтер барысында олардың түпті уақытта ойын-сауық орындарында болуына жол берген алпыс бес кәсіпкер, темекі бұйымдарын сатқан қырық бес, алкоголь өнімдерін сатқан қырық бір сатушы, сондай-ақ балаларын қараусыз қалдырған жүз отыз екі ата-ана өкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұдан басқа облыстық наркологиялық диспансер қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген рейд кезінде ішімдік ішкен отыз төрт бозөкпе қолға түскен.

Тиісті органдар тарапынан жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан көмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтар тиымалы отыр. Сөзіміз дәлелді болуы үшін дерекке жүгінейік. Былтыр ішкі істер органдарына өр түрлі құқық бұзған үш мыңнан астам жасөспірім жеткізіліп, олардың 257-сі бейімдеу орталығына жатқызылса, 3067 ата-анаға өкімшілік шара көрілген. Арал, Шиеді, Қазалы, Қармақшы, Жанақорған аудандарында қылмыс азайғанымен, керісінше

Жалағашта бес, Сырдария ауданында үш есе, ал облыс орталығында 9,2 пайыз өскен. Орын алған қылмыстар жүз тоқсан жасөспірімнің қолымен жасалған. Олардың алпыс тоғызы мектеп, гимназия, лицейлерде оқыса, жетпіс төрті колледждің, тіпті біреуі жоғары оқу орнының студенті екен. Олардың қырық екісі он алты жасқа дейінгілер де, қалғандары 16 мен 18 жас аралығындағылар. Қылмыстардың жиырма бесі ауыр, он бірі аса ауыр, қалғандары орташа және онша ауыр емес қылмыстар.

Тексерулер барысында жергілікті әкімдіктер жанынан құрылған көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау комиссиялары өз міндеттерін орындамай отырғандығы анықталған. Айталық, қала әкімдігі жанындағы осындай комиссия өткен жылы жиырма үш отырыс өткізгенімен, онда жасөспірімдер жасаған құқық бұзушылықтар және оған ықпал ететін себептердің алдын алу, анықтау және жою жөнінде жұмыстар талқыланбаған. Сондай-ақ, көмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары, қадағалаусыз және панаасыз қалудың жай-күйін зерделеу жөне әлеуметтік зерттеулер жүргізілмеген. Комиссия жауапты басқа органдармен бірлесіп олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайына, мемлекет көмегіне мұқтаж жасөспірімдерді анықтауға олардың жеке есебін жүргізуге, осы көмелетке толмағандарды орналастыруға байланысты іс-шаралар жоспарланғанымен, ол жоспар жүзеге асырылмаған.

Б.СМАЙЫЛУЛЫ.

Өткен жылғы желтоқсан айының жиырма бесінші күлдізінде Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі «Жол жүрісі туралы» Заң жобасы мақұлдаса, билығы қаңтар айының соңғы күндері Сенаттың жалпы отырысында палата депутаттары Аталған заң мен оған іспете жобаларын бірінші оқылымда-ақ мақұлдаған болатын.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІНІҢ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Бұл заң жобасын ұсынған жұмыс тобының жетекшісі, халық қаулапысы Рамазан Сәркеовтің айтуынша, қолданыстағы 1996 жылы қабылданған заң тек жол қауіпсіздігіне ғана қатысты болса, қазіргі заңның көлемі одан кең көрінеді. Яғни, жолға қатысты барлық мемлекеттік органдардың жол қозғалысына қатысты әрекеттері реттеледі екен. Енді жолды жоспарлау және сапу, жол құрылысын өткізу мен қабылдап алу, оны пайдалану, жол жөндеу мен жол апаттарын тексеру сияқты түрлі мемлекеттік органдардың қызметінің заңдарында қарастырылған жолға қатысты баптардың барлығы іріктеліп, бір заңға шоғырландырылыпты.

Ал еліміздің ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтың мәліметінше, осы заң жобалары қабылданған соң, жол жүрісі ережелерін бұзғаны үшін өкімшілік жаза күшейтілетін болатын. Мысалы, Қазақстанда тұңғыш рет «мүгедектерге арналған тұрақ орнына» көлігін қойған, тіпті тоқтағаны үшін он екі мүшеі сау жүргізушілерге қатысты өкімшілік жаза енгізілсе, басқа да жаңа жауапкершілік түрлері өмірге жолдама алмақшы екен.



«Жол жүрісі туралы» жаңа заңға орай газет тіпшісі облыстық ішкі істер департаменті өкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Алтынбек Ахметовті өңгімеге тартқан еді.

— Алтынбек Мәңлібайұлы, жаңа заңның жаңалықтарын таратып айтып берсеңіз?

— Бұл заң елді елең еткізер жаңалықтарға

рөлге отырғандар тарапынан тундайтынны белгілі. Олардың жазасы қандай?

— Жаңа заң жобасы бойынша көлікті мас күйде жүргізу үстінде алғаш рет ұсталғандарды жүргізу құқығынан үш жылға айыру ұсынылып отыр. Ол біраз екі жыл болатын. Мұндай жағдай екінші рет қайталанатын болса, онда жүргізуші он бес тәулік өкімшілік қамауға алынып, жеті жыл бойы көлік жүргізге алмайды. Ал, «ер кезегі үшке дейін» демекші, осыны мәрте жолсыздыққа барған жүргізуші отыз тәулік өкімшілік қамауға алнады және он бес жылға жүргізушілік құқынан айырылады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, егер мас күйде көлік апатын жасап, адам өліміне соқтыру немесе адам денсаулығына ауыр зардап келтіру қолданыстағы заң бойынша «абайсызда жасаған қылмыс» қатарына жатқызылады. Ең жоғарғы жазасы он жылға дейін бас бостандығынан айырып, қоныс колониясында өткізуге кесіледі. Шетелдерде бұл «қасақана қылмыс» болып есептеледі. Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясында бізде де ол «қасақана жасаған қылмыс» қатарына қосылып отыр. Бірақ бұл ізгілендіру процесінен ауытқу деген сөз емес. Кішігірім және орта дәрежелі қылмыстарды егер жібірленуші мен қылмыс жасашуы өзара келіссе, тіпті сотқа жеткізбей мәмілеге келуді көздейтін ізгілендіру тұрғысындағы принциптер сақталмақшы.

— Жаңа заңда тағы қандай өзгешеліктер бар? Жүргізуші куәлігінде ше?

— Жаңа заң қабылданса, жүргізушілеріміз қай мемлекетке барса да, уақытша көлік алып жүргізуіне болады. 2010 жылы елімізде «1968 жылы Венада қабылданған жол қозғалысы туралы Конвенцияға қосымша Еуропалық келісімді ратификациялау туралы» заң қабылданған болатын. Бұл құжат бойынша Қазақ-стандағы жол ережелері туралы заңнама халықаралық талаптарға сай болуы керек. Сондықтан жүргізуші куәлігін төлқұжат ретінде пайдалана беруге жағдай жасалам. Бізде де барлығы дүниежүзі қолданып жүрген ұғымдарға сәйкестендіріліп, көлікке де, жүргізушіге де халықаралық талаптар қойлады.

Сондай-ақ жүргізуші куәлігі 7 категория (А, В, С, D, BE, CE, DE) және оған қосымша 6 категория (A1, B1, C1, D1, C1E және D1E) бойынша беріледі. Бұл да халықаралық конвенция талаптары бойынша өзгертілген.

— Алтынбек Мәңлібайұлы, өзіңіз басқарып отырған құрылымының жүргізушілерге қатысты құқықтары мен міндеттерін өзгерістер енгізділді ме?

— Бізге қолданыстағы заңда барлық мүмкіндік берілген. Одан әрі күшейтудің қажеті жоқ. Бүгінгі нормалардың өзі тиісінше орындалса да, қазіргі келенсіздіктердің тең жартысы азаяр еді.

— Өңімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



● ҰСТАЗ – ҰЛЫҚ ЕСІМ

Ұстаз–адам бойындағы бар рухани байлықты, әсемдікті шәкірттеріне өнегелі ісімен дарытушы. Жүріп өткен жолы, өмірінің әрбір кезеңі, әр сәті өнегеге толы жандар бар. Әдетте, айналамызда күнде көріп жүрген адамдардың қадір-қасиетін көп айта бермейміз, тіпті бағалай да бермейміз. Ондай жаны жайсаң, жүрегі жомарт жандар арамызда жүр.

ӨРНЕКТІ ӨНЕГЕ

Өз білімі мен біліктілігін ұстаздықтың ұлы жолына арнаған Гүлмира Пернебекқызының өнегелі өмірі көпке үлгі боларлық. Педагогтар отбасында дүниеге келген ол да мәртебелі мамандықты таңдайды. Жасы өзімнен кіші болса да, қадірлі өріптес ретінде сыйласатын Гүлмирамен танысқаныма бүгінде жиырма жылға жуық уақыт болыпты. Қаладағы №140 қазақ орта мектебіне 1995 жылы жас маман болып келген ол, ұжыммен өзінің ізденімпаздығымен, іскерлігімен тез араласа білді.

Қандай озық мәдениет болмасын, адамға оның төл мәдениетін алмастыра алмайды. Қазақ жастарының бойына қазақтың бірегей, қайталанбайтын ұлттық құндылықтарын сіңіріп өсіру де – басты парыз. Қазақтың ұлттық өлет-гүріп дәстүріне, салт-санасының ұлына қанбаған бала рухани жарымжан. Олай болса, жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлықтарын қалыптастыруда ұстаз қызметі орасан. Шын мәнінде ұстаз мінезімен де, ісімен де үлгі. Бұл жағынан Гүлмира Ахметова осындай асыл қасиеттерден де кенде емес.

Ар алдындағы басты қағида – бұл өмірге адам болып келген соң, адамдық ат пен қасиетке дақ түсірмеу. Осындай өлшемдер тұрғысында қарағанда сондай аяулы жандардың бірі, жанымызды ұзына қанбаған жәннәпаздары атанды. Үнемі ізденісте жүретін Гүлмираның ханалыққа жаны құмар. Он екі жылдық білім беру сатысына көшуге бағытталған кезеңде білім берудің жаңа стандартына үлкен жауапкершілікпен қарап, өз ұсынысын, ой-пікірлерін білдіруде. Өз балаларын біліммен, өнермен қарулануын назардан тыс қалдырмайтын үйдегі асыл ана Гүлмираны мектептегі шәкірттері де екінші анасы санайды десек, артық айтпаймыз. Отбасында аяулы жар, өнегелі келін, ақ жаулықты ананың бір бойында жақсы қасиеттері көп-ақ.

Баия ЖҮСПЕБЕКОВА,
№140 қазақ орта мектебінің мұғалімі,
Қызылорда қаласы.

ХАБАРЛАНДЫРУ			
«Теміржолсу-Қзыл-Орда» ЖШС-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне 2014 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізілетін тариф.			
Рет саны	Қызметтер атауы	Өлшем бірлігі	Тарифтер КҚС-сыз
1	Жылу энергиясын өндіру	тенге/Гкал	7371,49
2	Жылу энергиясын беру және бөлу	тенге/Гкал	1161,28
3	Жылу энергиясымен жабдықтау	тенге/Гкал	175,16
4	Орташа босату тарифі	тенге/Гкал	8707,93
5	Тариф және тұрғындар үшін, КҚС-мен (12%)	тенге/Гкал	2583,84
6	Тариф бюджеттік мекемелер үшін	тенге/Гкал	5658,90
7	Тариф тарапты ұйымдар мен темір жол мекемелері үшін	тенге/Гкал	9387

● БАБАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

КІШКЕНЕ ШЕКТІ ДӘУЛЕТІЯР АТА ТҰРАДЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Бұл «ерте, ерте, ертеде» деп басталатын қиялы мен шындығы аралас ертегінің әлкиссасы емес. Жұбан Молдағалиев айтпақшы, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың ұрпағы жеті атасын танып, бабалар рухына тәу етуге тәуелсіздік алғалы бері қол жеткізді. Алып бөйтеректің сан қилы бұтағы секілді дінгегіне діттеп барсаң, қазақ деген атадан тараған ұлттың ұрпағы болып шығамыз. Демек, шежіренің де бөйтеректің дарағындай тарауы пәлсапа тілімен айтқанда «кездейсоқтық емес, сәйкестік» деп қабылдағанымыз жөн.

Кешегі кенестік дәуірде «құдай жоқ, қазір атеизм заманы» деп бес мезгіл намазын қазат етпеген бабаларымыздың жайнамазын тартып алғанын да көз көрді, көңіл түйді. Шежіре айтқан шалдарды «рушыл» деп партия жиынына салғанына да куә болдық. Қазақ тарихындағы осы 70 жылдық кенестік түйсік қазақты қазаққа жатбауыр етудің классикалық тәсілін жүзеге асырды. Соның зардабын, бірнеше ұрпақ басынан өткеріп, жастарға залалын да тигізді. Жыр-ертегілерден, шежіреден мақұрым жастарды көрген жазушы Герольд Бельгер бірде күмілжіп: «қазақ жастарының қазірде талғамы гамбургер, кола, Әсіресе, осындай жағдайдың қалыптасқанына сақалды басыммен жата келіп жастарды кінәлаудан өсте аулақпын. Бұл байламда «заманы солай болды, адамы солай болды, нәтижесі мынау гой» деген ғана мәселе көкейімді түйейді. Өткенге салауат. Ойды ой қозғайды. Соңғы жылдары жеті атамызды түгендеп, сол арқылы ағайын-туысты танысақ, бір атадан тараған балалар жатбауыр болмай, бабаларын білсе деген ниет туды. Сөйтіп, Өлімнен тарайтын Шектінің Кішкене ата-лығынан шыққан атамыз Сырлыбайұлы Дәулетиярдың бейітін қауымалық жүріп, көзгергендердің айттып кеткен өңгімесінің ізімен Ақтөбе облысы, Шалқар ауданындағы «Маякұм» деген жердегі қорым

басынан таптық. Осы аталықтан тараған бірнеше азамат соңғы екі-үш жылда Шалқар ауданына бірнеше мәрте экспедиция жасап, арнайылап Дәулетияр бабамыздың зиратына бардық. Атаға құран бағыштап, қорым басындағы құлпытасты мамандарға оқыттық. Бейітті бейнетаспаға да, суретке де түсірдік. Өзімізбен жолға шыққандардың қатарында республикамызға танымал суретші Қайырбай Зәкіров те болды.

Қайырбай Зәкіров, суретші, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері:
— Қолда бар ата-тек шежіресі бойынша мен Дәулетиярдың өртен ұрпақтың жетінші буынына жатамын. Өкем Зәкірұлы Қонысбай 1927-1949 жылдар аралығында қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы «Төсбұлақ» бекетінде жақын ағайынымыз Саржан ағамыздың қамқорлығында тіршілік еткен. Арасында жұмыс бабымен Арал, Бекбауыл станциясына көшіп келген кездері де болыпты. Сондай кездің бірінде мен 1945 жылы Аралқұм станциясында дүниеге келдім. 15 жасымда, 1960 жылы өкем Қонысбайға еріп, Төсбұлақтағы туыстарға барғаным әлі есімде. Сол сапарда ағайынның үлкендері «Осы маңда «Маякұм» деген төбеле Дәулетияр атамыздың бейіті бар», – деп салалы өңгіме айтқан еді.

Бабамыздың жатқан жерін нақтылап анықтау мақсатымен «Маякұмға» алғаш 2011 жылы, былтыр екінші рет 7 маусым күні арнайы сапарладық. Осы жолы «Көпмола» жолының (разъезд) тұрғыны, 82 жастағы Арыс ағамыз Дәулетияр атаға қатысты білген деректерін алға тартты. Оның айтуынша, елде Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан тұста Шеріп атты молда Сексеуіл станциясынан жүк пойызына отырып, Төсбұлақ бекеті тұсынан секіріп түсіп қалып, «Маякұмдағы» Дәулетияр атасына құран бағыштап қайтады екен.

Дүбәкір Нұралыев, мұнайшы:
— Өкем Шәкет шежіре жазып кеткен. 2005 жылы қайтыс болды. Сол шежірені ашып қарасам онда мынадай деген жазу бар: «Тоғыз деген стансаның солтүстік-шығыс жағында тоғыз-он шақырым жерде Дәулетияр деген атамыздың жатқанын естіміз» деген сөз жазбада қалыпты. Бір қызығы, өкемнің жазғаны мен Қайырбай ағамын айтқаны сәйкес келгенімен, өмірі бір-бірімен араласып, қатыспаған адамдар. Демек, бір-бірінен көшіріп алмағаны анық. Бұл да болжамды дерек ретінде дәлелдейтін дәйек. Зиратқа алғаш барғанда өкемнің аманатын орындап, өскерініп қайттым.

Ағайындарым Әбубәкір Шәкетұлы, Сейітжан Қашақов және мен, үшеуіміз 2011 жылы қыркүйектің 13-і күні Қызылордадан шығып, алдымен Сексеуіл станциясына соқтық. Бұл біздің Шалқардағы баба бейітін айқындау мақсатындағы алғашқы сапарымыз еді. Сексеуілден баяғы Шеріп молданың баласы Төлеумұратты (Тауман молданы) өзімізбен бірге ала кеттік. Ондағы ойымыз баба бейітін тауып жатсақ, ұрпақтары атынан құран бағыштау.

Осылайша, Тоғыз бекетінен сәл әрі орналасқан «Кендала» теміржол айрығына жетіп, осы жерде 20 жылдан бері мал бағып отырған Шоқтыбай Есенбеков ақсақалды ертіп алдық. Ол жолайырақтан 8 шақырым жердегі Дәулетияр төбе мен баба аттас базаға алып барды. Сапарластарым Әбубәкір мен Сейітжан осы тұстағы ескі қорымдағы құлпытастарды суретке түсірді. Жанымызда «Көпмола» жолайығының тұрғыны 82 жастағы «Құрметті теміржолшы» Жанарыс Ниязов ағамыз да болған еді.

Кейін «Маякұм» төбесіндегі баба басына сапарымыз тағы жалғасты. Бұл 2013 жылдың 7 маусымы еді. Бұл жолы бізге Қайырбай Зәкіров ұлы Алматпен, ал Қазылыдан Әли Мұса Досқожаұлы және араб тілінің маманы Сұлтанғазы Төлегенов қосылған-ды. Қызылордадан пойызға отырып, «Жылан» бекетінен түстік.

Шағын экспедиция мүшелері Дәулетияр төбеле, осы аттас базада және ең бастысы, түпкі мақсатымыз – «Маякұм» төбесіндегі қайрақ тасты қорымда болып, фото және видеоға мұндағы көріністерді мұқият түсіріп, зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Ескере кетерлік нәрсе, менімен екі мәрте сапарлас болған Әбубәкір Шәкетұлының айтқан ауызша деректері зерттеуге тұрарлық. Оның өкесі марқұм Шәкет ағамыз көненің көзін көрген, Сыр мен Қыр шектілерінің туыстық қарым-қатынасына қатысты ескі өңгімелерді көп білетін зейінді кісі болған. Сол Шәкен карт: «Дәулетияр атамыз Шалқарға жақын «Маякұм» төбенің етегінен алғашқылардың бірі болып арық қазып, етекке тары еккен. Осыдан 150 жылдай уақыт бұрын ағайын-туыстарын отырықшылыққа үйреткен, осылайша олардың тұрмыс-тіршілігіне шарапаты тиген абзал жан» дегенді жиі айтып отырған көрінеді.

Бұған қоса, осыдан жарты ғасыр бұрын қазалылық Маханбетұлы деген ағамыз Сансызбай деген кісінің өтінішімен «Маякұм» төбеге Дәулетияр атамыздың басына құран бағыштау үшін арнайылап барыпты. Дәулетиярға жиен, руы қырғыз Сансызбай карт сол кезде сексеннен асқан екен. Әли Мұса ағайын қолында сол 1971 жылы Қособа бекеті арқылы «Маякұмға» барған Маханбетұлы ақсақалдың ауызша айтуынан жазып алған жазба-сызбалары бар еді. «Маякұм» төбелегі басым бөлігі қайрақ тастан, енді бір бөлігі шиден қаланған бейіт

нұсқасы нысанаға алған қорымдағы бейітке ұқсастығы біздің көңілімізге жылы ұшырай берді...

Сейітжан Қашақов, инженер:
— Маған Дәулетияр баба тоғызыншы ата болып келеді. Сол басындағы құлпытасты оқығанымызда қасымызда Сұлтанғазы деген ініміз болды. Араб, парсы тілінің маманы. «Дәулет» деген жазудағы «ия» деген әріпті іздедік. «Дәулет» жазуы бір бөлек, «ә» әрпі бір бөлек қашалып жазылған екен. Соның арасында екі елеусіз нүктені таптық. Құлпытасты алаңсыз мұқ басқан. Тазалдық. Сұлтанғазы парсы тілінде «ия» әрпінің екі нүктесін белгіленетінін дәлелдеді. Құлпытасқа жазу шағатай тіліндегі иран орфографиясына негізделген арабтың «шикса» қарпімен түсірілген болып шықты.

Сөз соңы: Екінші сапардан Қызылордаға оралған соң біздер бастамашы болған елдегі үлкендеріміз – Қуанышбаев Елшекен, Мұстафа Матайұлы және Аймағамбет ағаларға сапар нәтижесін баян етіп, ақсақалдардың ақ батасын алдық.

Бүгінде сол Дәулетияр бабадан тараған ұрпақ осы бейіт басына көрнекті ескерткіш (биіктігі 7 метр болатын стелла) орнатуға бел буды. Атам қазақ «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дегенді бекер айтпаған.

Бұл баянда бастаманы осы Дәулетияр бабадан тараған өулеттің үлкендерінің көтеріуі, өріне, үлкен қуаныш. Осы игілікті іске бабасын, түп-тұқиянын іздеген бүгінгі ұрпақ қолдау білдіреді деп сенеміз. Осы атадан тараған ұрпақты тізімізден, ескерткішке кететін шығынды тең көтереміз деген де кесімді шарт жоқ. Әркім шама-шарқы жеткенше, мүмкіндігіне қарай қаржылай қолдау білдірсе жетіп жатыр. Бастысы, атаға тағзым жасауға ниет болып жатса, сол ықылас Дәулетияр атамның аруағына жасалған құрмет деп білеміз. Мақала осы жайдан көпшілік хабардар болып, бір атадан тараған үлкен өулеттің азаматтары құлақтаңа берсін деген мақсатта жазылды.

Темірбек МАТАЙҰЛЫ,
зейнеткер.

● СПОРТ

«ҚАЙСАР» МӘСКЕУДІҢ «ДИНАМОСЫМЕН» КЕЗДЕСЕДІ

Түркиядағы төртінші оқу-жаттығу жиыны аясында Қызылорданың «Қайсар» футбол клубы екінші жолдастық-бақылау кездесуін өткізіп, Арменияның «Ширак» командасынан жеңіліп қалды. Есеп - 1:3.

«Қайсар» (Қызылорда) - «Ширак» (Армения) - 1:3.

«Қайсар» - Кирилл Прядкин, Олжас Алтаев (Нуржарық Құнов), Дамир Дәуітов (Түрпіндік Көшекөв), Милан Яблан (Мамуту Кулибаби), Мартин Кляйн, Илья Калинин (Жасұлан Молдақараев), Кирилл Шестаков (Сергей Шевцов), Матик Марушко (Владислав Иванов, Сергей Струков), Антон Землянухин (Рахымжан Розыбакиев), Сергей Артюх (Сергей Мошинков), Римма Хунт, (Саша Алумена).

«Ширак» - Арменияның ең ежелгі командаларының бірі. Ел біріншілігін төрт рет жеңіп алған. Құбықты да мелепін, төрт мәрте суперкубокқа да қол жеткізген. Соңғы маусымда өз елінің Премьер-лигасының алтынды да, суперкубогын да қанжығаларына байлаған.

Кездесуді Дмитрий Ой шәкірттері ширақ бастады. Бірден ойын тізгінін өз қолдарына алған жерлестеріміз әдегеннен-ақ шабуылдарын үдете түсті. Нәтижесінде ойынның бесінші минутында Матик Марушконның баспен асырған добын Антон Землянухин бір-ақ паспен екі-үш



қорғаушының арасынан әріптесі Илья Калининге сығырып, қақпашымен жеке-дара шығарып берді. Өз кезегінде Калинин доп пен қақпашыны қақпаның қос бұрышына тулатты. Бұдан кейін де Оғай шәкірттері ойын тізгінін өз бақылауларында ұстап, «Ширак» футболшыларын допсыз жүгіруге мәжбүр етіп қойды. Өкінішке орай, қорғаныс шебінде жерлестеріміз болмашы қателіктерге бой алдырып, қақпаларына қатарынан үш доп жіберіп алды.

Екінші кезең де негізінен қызылордалықтардың шабуылымен өтті. Алайда, армяндардың қорғанысынан доп өтпей, таблодағы көрсеткіш өзгеріссіз қала берді. Рас, Сергей Струковтың ширене тепкен соққысынан кейін доп «Ширак» қорғаушыларының бірінің қолына тиіп, бас төреші пеналты белгілеген. Бірақ, өкінішке қарай, Жасұлан Молдақараевтың 11 метрлік айнал добы әлсіз шығып, «Ширак» қақпашысының оңай «жемтігіне» айналды. Осылайша, негізінен қызылордалықтардың шабуылымен өткен ойын 1:3 есебімен аяқталып, қайсарлықтар қанша жерден қарқындылық танытқандарына қарамастан жазғат есепке қол жетпеді.

Жалпы, төртінші жиын барысында «Қайсар» өзінде бір футболшымен келісім-шартқа отырды. Қазақстандық жанкүйерлерге Керекүлдин «Ертіс» арқылы танылған маликулі легионер Мамуту Кулибаби алдағы маусымда қызылордалықтардың намысын қорғайтын болады. Ал командалық келесі жолдастық кездесуі 26 ақпанға жоспарланған. Қарсыласымыз Мәскеудің «Динамо» болады деп күтілуде.

Әділ ТАЛАП.

АЗАМАТТЫҚ ІС КОЗҒАЛДЫ

Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 19.02.2014 жылғы уйғарымымен «Спасан-Сервис» ЖШС-не қатысты банкрот деп тану жөнінде азаматтық іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үйде қабылданады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Құланбаева Жазира Нәбиқызының атына Қызылорда Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищесінің 1993 жылы бітіргені жөнінде берілген РТ-І №181953 дипломының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

Шегебаева Қанағат Байтөмірқызының атына Жанақорған ауданы, Қожамберді ауылындағы №162 орта мектепті 1995 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА №0273235 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

ОҢАЛТУ РӘСІМІ ЕНГІЗІЛДІ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 3 ақпан 2014 жылғы шешімімен «Салт-А» ЖШС-не оңалту рәсімі енгізілді. Талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

ЖАЙДАРЫ МІНЕЗДІ ЖАН ЕДІ

Бейдауа уақытқа не шара?! Өне-міне дегенше жарқын жүзді, жайдары мінез аға Наукен — Наурызхан Дүйсебайұлы бақшы болғанына да 40 күнге жақындап қалыпты. Наукен 24 наурызда 67 жасқа толар еді, тағдырдың жазуына не шара?! Ол інісі Әлімжан екеуі өкеледен жастай айырылып, анасы Мейізкүлдің төрбесінде болды. Ол кезде бұлар Бөріойнақ разьезінде тұрды. Өкесі Мырзалы соғыстан аман-есен келіп, бейбіт күнде теміржолда жұмыс істеп жүріп, кенеттен қайтыс болды. Тағдыр оған қос перзентінің қызығын көруді жазыпты. Екі ұлымен жесір қалған Мейізкүл ағайын-дарының ақылмен Жанақорғанға көшіп келді. Өзі №3 мектеп-интернатына аспап болып жұмысқа тұрып, қос құлының оқып, білім алуына бар күшін салды. Жастай жетім қалып өмірін ащысын көп тартқанын ба, Наурызхан аға барша жұртқа жасқылдық істегісі келіп тұратын. Наурызхан аға 1963-1965 жылдар аралығында №187 кәсіптік-техникалық училище оқыды, одан кейін 1968 жылы Түркістан индустриалды-педагогикалық техникумын бітірді. Сол жылдан бастап 2012 жылға дейін бүкіл саналы ғұмырын есеп қызметіне арнады. Алғашқы еңбек жолын аудандық қаржы бөлімінде инспектор болып бастап, кейін тас ұнтақтау зауытында экономист, аға экономист, аудандық автотранспорт мекемесінде, аудан әкімдігі мен «Етемис» ЖШС-нда бас-ағы 39 жыл бойына бас есепші болып абыройлы қызмет етіп, зейнет демалысына шықты.

Наурызхан ағаның көп әріптестерден ерекшелігі — қарапайымдылығы. Менмендік деген жат қылықтан аулақ болатын. Көмек сұрап келген қызметтестеріне үнемі қамқор қолын созу оның болмысына тән еді. Зайыбы Шөркүл Сансызбайұлыз екеуі 45 жылдан астам бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, 2 ұл, 4 қыз сүйіп, оларды өсіріп, оқытып тәрбиеледі. Барлығы да жоғары білімді. Әзімхан — Қызылорда теміржолында бөлім басшының орынбасары, Гүлбану — аудандық әділет басқармасында бас маман, Мөлдірі — аудандық мұражайда аға ғылыми қызметкер, өке жолын қуған Жарасханы — аудандық ветеринария бөлімінде бас есепші, Толқыны — Қорқыт ата атындағы университеттің аға оқытушысы болса, кенжелері Жаннұр аудан әкімі құқық бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Наурызхан аға тек жақсы қызметкер ғана емес, ол жақсы әке, немерелерінің қимас атасы болатын. Міне енді осындай жақсы жолдас, ақылшы аға, қимас дос, абзал жарды ауыр науқас бақилыққа алып кетті. Алдың жарық, иманың жолдас болғай аға. Сен өзіңді жақсы білетін барша жұрттың есіңіңсің. Наурыз аяйын 2 жылдызында Жанақорған кенті Абай көшесі №199 үйде ағамыздың 40 күндік асы (1 наурыз — қонақ асы) болатынын барша ағайын-туысқа жеткізіміз келеді.

Е.КАЛДЫБЕК.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестіктің жарнама бөлімінің басшысы Кенже Оспановаға ағасы **Жолдасбайдың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі

70-00-36

☎ тelfакс

Сыр Медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың орынбасары

70-00-43

Жауапты қатыс

70-00-81

бөлімдер:

рухани және апарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-61

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есепшілер - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмбек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шығыс, Жанақорған: Нұрмұхан Елтай - 8724 32 49-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мәдениет комитетіне тағайындалған.

Тіркеу куәлігі №12993-4, 27.08.2012 ж.

Ақпараттық қызметінің бағыты: облыстық, қалалық, аудандық және республикалық.

Жарнамалар газеттің түпкілікті нұсқасын білдірмейді. "А" ақылы қымбат.

Газет редакцияның компьютер орталығында қағатын "Сыр медиа" ЖШС өз бастақшысына бағынды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №13

Газеттің таралымы "Тұңғыш" - 73-54-51, "Еркін" - 27-62-84 қауапты.

Редакция меншік-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №13

Таралымы 25063

Тапсырыс № 168